

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОРТАЛЫҒЫ**



**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ
ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР

Астана - 2024

«ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР

Семинар мақсаты: Ұлттық спорт түрлерінің даму жолындағы дене шынықтыру мұғалімдері мен спорт мамандарының теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын дамыту.

Семинар міндеттері:

- Ұстаздардың кәсіби шеберлігін «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы арқылы жетілдіру;

- Ұлттық спорт түрлерінің даму жолындағы жаңа әдіс-тәсілдерін өз тәжірибелерінде қолдану.

Өзектілігі: Ұмыт болып бара жатқан Ұлттық ойындарды жаңғырту.

«ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Уақыты	Тақырыптар	Жауапты
09:00-10:00	Семинар қатысушыларын тіркеу	Мираманов Абдимуслим Абдыхалықұлы Аға әдіскер
10:00-10:10	Ашылуы. Алғы сөз	Куптилеуова Сянзия Кантуреевна Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директорының м.а.
10:10-10:30	«Үшбас» спорттық асық ойыны	Шилібаев Бекболат Аманжолұлы Қауымдастырылған профессор. Ойын авторы
10:30-10:40	Ұлттық асық ату ойыны	Сабыржанов Жомарт Сабыржанұлы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері
10:40-10:50	Ұлттық спорт жанашыры	Мусағали Тасқалиев «Спорт жұлдыздары» Республикалық ғылыми-әдістемелік, спорттық-патриоттық журналдың бас редакторы, Қазақ Спорт және Туризм академиясының құрметті профессоры
10:50-11:10	Бес кеней асық ойыны	Рахметов Ескендір Серікұлы Астана қаласы бойынша «Асық ату» федерациясының президенті
11:10-11:20	Тоғызқұмалақ – ақыл- ой ойыны	Мақсат Шотаев Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ф.ғ.к.
11:20-11:40	Асық терапиясы және алаңдағы бестемше ойыны	Жолбарысова Мөлдір Айтқалиқызы Астана қаласы № 5 «Ақбота» балабақшасының меңгерушісі

11:40-11:50	Ұлттық ойындар	Амантай Динара Муратқызы Астана қаласы мектепке дейінгі дене шықтыру нұсқаушыларының ассоциясының төрайымы
11:50-12:00	«Асық шерту» ұлттық спорт ойыны. (Тұсаукесер)	Шилібаев Б.А., Усипбаев Н.М., Шилібаев Н.А. Авторлар.
12:00-12:30	Семинар жұмысының қорытындысы	Пікір алмасу, сұрақ-жауап Кері байланыс

Семинар барысы:

I. Жүргізуші: Б.Спатаева зертхананың аға әдіскері, республикалық семинардың бағдарламасымен таныстырды.

Мәңгі толы қазағымның ғұмыры
Сан асылдың ашылып тұр тұғыры
Кеше ғана керексіз ғып тастаған
Ғажап екен әдебі мен ғұрыбы.

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директорының міндетін атқарушы **Куптилеуова Сянзия Кантуреевна** семинарды ашты: Семинардың мақсаты мен міндеттерін шешу жолдары «Дене шынықтыру және спорт» мамандарымен Ұлттық спорт түрлерінің даму жолындағы жаңа әдіс-тәсілдерін өз тәжірибелерінде қолдана отырып дамыту, жетілдіру, сонымен қатар Ұлттық ойындарды жаңғырту.



Жүргізуші:

«Жасы кіші деменіз,

Ақылы асса аға ғой.

Қой асығы деменіз,

Қолыңа жақса сақа ғой»,- дегендей Асық ойыны туралы, оның алатын орны мен қолдану аясы жайлы кеңінен мағлұмат берді.

Арнайы шақырылған қонақтарымызға сөз берілді:

1. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері, доцент – Сабыржанов Жомарт Сабыржанұлы:

Асық ұлттық ойыны соңғы уақытта мемлекеттік қолдауына ие болып, өзінің мәртебесін алып, елімізде Асық атудан жарыстар, ел біріншіліктері үшін Асық ойынының федерациясы құрылып, оған белгілі дәреже де түбегейлі зерттеліп, зерделенген ойын ережелері бекітілгенін мәлімдеді.



2. Спорт ардагері, Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері – Ерсайын Нарымбаев:



Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Төрт түлікпен байланысқан мал шаруашылығы болғандықтан қазақ халқының ұлттық ойындары да осыған сай икемделетінін айта келе, бүгінгі таңда спорт ойындарын дамытуда жастарға жол көрсету керек екенін жеткізді.

Семинар барысында, қонақтар мен қатысушылар негізі тақырып, ұлттық ойындардың қолданылу аясын кеңейту, сабақта тиімді әдістерді енгізу барысында ұмыт қалған ойындарды жаңғырту жұмыстарының өзегі талқыланды.



Жүргізуші:

Біздер шымыр,жүйрік те
Ойынменен шынықтық

Еп қана емес бірлік те
Керек екен соны ұқтық.

3. «Спорт жұлдыздары» Республикалық ғылыми-әдістемелік, спорттық-патриоттық журналдың бас редакторы, Қазақ журналистикасының қайраткері, Қазақ Спорт және Туризм академиясының құрметті профессоры, ҚР Дене шынықтыру ісінің үздігі - **Мусағали Тасқалиев:** Ұлттық спорт түрлерінің өмірімізде алар орны ерекше. Ол тек дене шынықтырып, салауатты өмір салтын қалыптастырып қана қоймай, елге, салт-дәстүрге, тарихқа деген құрметті, патриоттық рухты асқақтата түсетінін жеткізді.

4. Астана қаласы бойынша «Асық ату» федерациясының президенті - **Рахметов Ескендір Серікұлы.** Халықтық тәрбиенің қайнар көзі: ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ауыз әдебиетінің туындылары, өнер түрлері, ұлттық ойындар, отбасы тәрбиесі, - екенін атап өтті.

5. Дене шынықтыру саласындағы мамандардың, педагогтердің біліктілігін арттыру және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету зертханасының аға әдіскері, ойын авторы: **Шилібаев Бекболат Аманжолұлы** Ұлттық спорт түрлерінің даму жолындағы «Үшбас» спорттық асық ойыны жайлы жеткен жетістіктерімен таныстырды.

«Үшбас» спорттық асық ойыны


Мақсаты: «Үшбас» спорттық асық ойыны тағлымы мол ұлттық өнер, асық ойнаудың өзіндік сырларының жоғалып бара жатқандығын басты назарда ұстау және ұлттық байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу, келешек ұрпаққа насихаттау.

Міндеті:

- асық ойындарының шығу тарихын зерттеу арқылы тарихымызбен таныстыру;
- асық ойындарының денсаулық үшін пайдасы көп екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеу;
- асық ойынының ұлттық тәрбиедегі жолдарын түсіндіру;
- асық ойынының түрлерімен және олардың ойналу ережесімен танысу;
- асық ойынын ойнаудың адам психикасын және өмірге бейімділігін дамытудағы маңыздылығын түсіну;
- ұлттық ойындардың ұрпақ тәрбиесінде алар орны қандай дәрежеде екенін білу;
- ұлттық дәстүрге баулумен ойынның технологиясын терең меңгертіп, ұлт мәртебесін әлемге ұлықтату.

«ҮШБАС» СПОРТТЫҚ АСЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ ҮСТЕЛІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Бұл ойынды әр түрлі идеямен, қазіргі заманға лайықты түрде далалық (алаңдық) немесе үй ішілік (тақталық) деп екіге бөлмей-ақ бірден арнайы үстел үстінде (бильярд және үстел теннисіне ұқсас), жиналмалы (шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ және нарды тактасына ұқсас), ыңғайлы (көтеріп жүруге, тасымалдауға), көп жер алмайды (бар болғаны 6-8 метр жер), ұлттық нақышта (шаңырақ, ою-өрнек), 12 қой асығы (12 ай атауына байланысты), 3 сақа (үш қасиетті сан) және арнайы иық дорбасы (қазақи) бар ойын түрі ретінде алынған.



«Үшбас» спорттық асық ойынын көрсетіп, көрермендермен бірге пікір-талас жүргізілді. Ұлттық ойынымызды ойнауға ортаға қонақтарымызды шақырып, пікір-талас жүргізілді білекке емес білімге сенер заманда, оқушыларымыз ұялы байланыспен емес ұлттық ойындар арқылы сусындаса, уақытын тиімді пайдаланса, еліміздің жастары патриоттық тәрбиені бойына сіңіретін хақ. Ұлттық ойынымызды ойнаушы әрібір оқушыға ойынның берері, қозғалыстың әсері тиімді.



«Үшбас» ойынының авторлары: Жамбыл облысының тумалары Шилібаев Бекболат Аманжолұлы., Усипбаев Нұрбол Мейрамбекұлы, Шилібаев Нұрболат Аманжолұлы.

Ұлттық ойындарды заман талабына сай жаңғырту үшін 8-13 қыркүйек аралығында Астана қаласында («Қазанат» ипподромы) өтетін «Дүниежүзілік

көшпенділер ойындарына» қатысып, «Үшбас» спорттық асық ойыны көрмесін ұйымдастыру ұсынылды.

II. Жүргізуші:

Армандарды жақындатып тым алыс,
Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс.

Ұлттық ойынымен бақытты ғой қазағым!
О, халайық! Құтты болсын бүгінгі қуаныш!

1. Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ф.ғ.к. - **Мақсат Шотаев**, оқу-әдістемелік құралы «Бес кеней» ұлттық ойынының **мақсаты мен міндеттері:** Ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан асыл мұрамызды ұрпақтан-ұрпаққа дәріптеу, балалардың бойында қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасына құрмет сезімін қалыптастыру, сондай ақ ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулу, қазақтың ұлттық ойындарын білуге құштарлығын арттыру.

«Бес кеней» ойындары кітапшасында мектепке дейінгі білім беру мекемелері тәрбиеленушілері мен бастауыш сынып білім алушылары (1-4 сынып) үшін асық ойындарының түрлері мен қағидалары, жарыс ұйымдастыру ережелері қамтылған. Осы жобаны әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасы «Асық ату» федерациясының ойын ережелері, Ж.Сабыржанов, Б.Шилібаев, Ж.Күзембаев, Д.Мінәрбеков, Қ.Забайұлы секілді авторлардың материалдары қамтылған.


Оқу-әдістемелік құрал мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының және мектептегі бастауыш сынып педагогтеріне, «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының білімгерлеріне, дене шынықтыру нұсқаушыларына, жаттықтырушылар мен жалпы көпшілікке арналған.



Жүргізуші:

Азат өлкем күндей күлген шығыстан,
Асыл елім жан – жүректі ұғысқан.
Ата бабам аңсап өткен бақытым,
Айналайын, Қазақстан – Гүлстан!

Бүгінгі жүргізген ойынға тәнті болған көрермендеріміз өзінің ыстық лебіздерін білдіріп, «Асық ойыны қазақтың ұлттық бренді болуға жарап тұр» деген, **Рахметов Серікұлы Ескендір**. Астана қаласы бойынша «Асық ату» федерациясының президенті.



Жүргізуші:

Бәйгеге түсіп жарыспай,
Жүйріктің бағы жанар ма-?
Білім мен өнер жарысып,
Тәрбие, тәлім табар ма-?

2. Бестемше ойынының бала тәрбиесіндегі орны, бақша Step by Step бағдарламасымен жұмыс істеуімен қатар, зияткерлік ойындардан арнайы кабинет жасақтап, бестемшенің алаңдағы түрін ойлап тапқан: Астана қаласы № 5 «Ақбота» балабақшасының меңгерушісі - **Жолбарысова Мөлдір Айтқалиқызы** «Алаңдағы бестемше» ойынын көрсетіп өтті.

Бестемше ойынының маңызы

Бестемше ойыны – математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау – оның негізгі өзегі. Сондықтан оқушы ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек болады. Өйткені өмірде де болашақ істеріңді алдын-ала ойлау – негізгі мәнге ие.


Насихатталуы:

Бестемше – қазақ халқының ұлттық ақыл-ой ойыны. Тамыры тереңнен нәр алған бұл ойын бүгінгі күні көптеген елдерде насихатталып отыр. Қазақстан, Қытай, Ресей, Чехия, Түркия, Румыния және тағы басқа елдер. Чехияда зияткерлік ойындар фестивалі бағдарламасында шілде айында жыл сайын халықаралық жарыс өткізіледі. Халықаралық шаралар Түркия, Ресей, Қытай, Өзбекстан елдерінде өткізілді.



Бестемшенің жеткен жетістігі:

Астана қаласының Білім беруді жаңғырту орталығының қолдауымен 2021 жылдың тамыз айынан бастап 15 мемлекеттік балабақшада бестемше ойыны вариативті сабақ ретінде енгізілді. Осы 15 балабақшаның тәрбиешілеріне «Qazintellect» зияткерлік ойындар орталығы мамандары шеберлік семинарын өткізді. Сондай-ақ арнайы балабақша шәкірттеріне арналған әдістемелік құрал дайындалды. Бұл сабақ аптасына екі күн таңғы уақыттарда 30 минуттан жүргізіледі. Қазіргі кезде бестемше ойынын үйретуші балабақша саны 45-ке жеткендігін айтып, ұлттық ойындардың ұрпаққа тигізер әсерінің мол екенін жеткізді.



Астана қаласы мектепке дейінгі дене шықтыру нұсқаушыларының ассоциациясының төрайымы - **Амантай Динара Муратқызы** сөз алып, бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдардан бастап, ұлттық ойындар арқылы балалардың шығармашылық ой-өрісін дамыту, танымдық қабілеттерін жетілдіру мақсатында бүгінгі іс-шараның өскелең ұрпаққа қалдырар мұра екенін айтып, сәттілік тілеп өтті.



«Мектепке дейінгі мекемелер, мектеп, колледж және жоғары оқу орны» жүйесінде **«Интеллектуалдық ұлттық спорт ойындар арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру»** тақырыбы аясында ұсыныстар мен сұрақ-жауап жүргізілді.

Республикалық семинарға қатысушылар орталықтың жұмыс сапасын күшейту шеңберінде ғылыми және шығармашылық қызметті жандандыру қажеттігі туралы ортақ қорытындыға келді. 2024 жылғы 8-13 қыркүйек аралығында Астана қаласында өтетін «Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына» қатысып, «Үшбас» спорттық асық ойыны және «Асық шерту» ойынының көрмесін ұйымдастырып, қонақтарға ережелерін таныстыру қажеттігі назарға алынды.

Ұлттық ғылыми-практикалық
дене тәрбиесі орталығы
nnpck.kz